

18.08.2022жыл

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі бос лауазымға тағайындау үшін ашық конкурс
жариялайды**

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің уақытша педагог-психолог лауазымына (негізгі қызметкердің жүктілік және босану кезеңіне байланысты мерзімі 14.07.2022-16.11.2022жж), жүктемесі 1 бірлік.

Мекен-жайы: Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылы, Қ.Айтазин көшесі №16А

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Байланыс телефоны: 871339 21-6-79,87058394758.Электронды пошта: zhurgenovsh@mail.ru

Лауазымдық міндеттері: Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік жағдайын сақтауға және түзетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады.Бала құқықтарын қорғау конвенциясына сәйкес тұлғаның құқықтарын қорғауына көмектеседі. Балалардың тұлғасын дамуына кедергі келтіретін факторларын айқындайды және әртүрлі психологиялық көмек (психикалық түзету,сауықтыру және кеңес беру) көрсету бойынша шараларды қабылдайды.Мектеп жасына дейінгі балаларға, ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға психологиялық бағыттағы проблемаларды шешуде көмек көрсетеді. Әртүрлі бейіндегі және мақсаттағы психологиялық диагностикасын жүргізеді.

Педагогикалық ұжымның, сонымен қатар ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғаларының бағдары мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық және әлеуметтік даму мәселелеріне психологиялық – педагогикалық қорытындылар жасайды. Белгіленген нысанда құжаттарды жүргізеді және оны мақсаты бойынша қолданады.

Оқушылардың жеке және жыныс –жас ерекшеліктерін ескерумен білім беру қызметінің дамытушы және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және дайындауға қатысады,өмірдегі әртүрлі жағдайларда бағдарлануына балалардың дайындығын дамытуына көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі шығармашылық дарынды балаларға психологиялық қолдау көрсетеді,олардың дамуына көмектеседі.Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды,балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік даму бұзушылықтарын диагностикалайды, оларға педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстарын жүргізеді.

Оқушылардың,тәрбиеленушілердің,педагог қызметкерлердің әлеуметтік-психологиялық біліктілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне консультация береді.Педагогикалық,әдістемелік кеңес жұмыстарына, ата-аналар жиналысы,сауықтыру,тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында қарастырылған басқа да шараларға қатысады. Компьютерлік сауаттылық,ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі бар.Өзінің кәсіби деңгейін арттырады.

Тәрбие - білім беру үдерісінде балалардың өмірін, денсаулығы мен құқықтарын қорғауын қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс техникасын сақтайды.

Лауазымдық жалақысы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагог-психолог үшін 100000-110000 мың теңге аралығын құрайды.

Біліктілігіне қойылатын талаптар: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік педагогикалық білімі болуы тиіс.

Бос лауазымның уақыты: 01.09.2022-16.11.2022

Құжаттарды қабылдау мерзімі: конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі: **19.08.2022-26.08.2022 ж.ж.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электронды немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).

7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).

10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми / академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Көрсетілген міндетті құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күн ішінде конкурсқа қатысушының құжаттарына біліктілік талаптарына біліктілік бағалауды жүргізеді.

Конкурсқа қатысқысы келетін азаматтар қажетті құжаттарын осы хабарландыру «**Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесі «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** және «Ақтөбе облысының білім басқармасы, Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ресми сайттарында және әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланған күннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап 7 жұмыс күн ішінде мына мекен-жайға тапсыруы қажет.

Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылы, Қ.Айтазин көшесі №16А

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Анықтама телефондары: 871339 21-6-79, 87058394758

Электронды пошта: zhurgenovsh@mail.ru

**Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың бағалау парағы
(Т.Ә.А. (болған жағдайда))**

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл саны (1-ден 20-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы диплом	Техникалық және кәсіптік = 1 Жоғары күндізгі = 5 жоғары сырттай / қашықтықтан оқыту = 2 жоғары білім туралы үздік диплом = 7
2.	Ғылыми / академиялық дәрежесі	Білімі туралы диплом	Магистр немесе жоғары білімі бар маман = 5 PHD-докторы = 10 Ғылым докторы = 10 Ғылым кандидаты = 10
	Ұлттық біліктілік тестілеуі	Сертификат	"Педагог" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60-қа дейін = 0 балл 60-тан 70-ке дейін = 2 балл 70-тен 80-ге дейін = 5 балл 80-нен 90-ға дейін = 6 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40-қа дейін = 0 балл 40-тан 50-ге дейін = 1 балл 50-ден 60-қа дейін = 2 балл 60-тан 70-ке дейін = 3 балл "Педагог-модератор" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 3 балл 70-тен 80 балға дейін = 6 балл 80-ден 90 балға дейін = 7 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін = 0 балл 40-тан 50 балға дейін = 2 балл 50-ден 60 балға дейін = 3 балл 60-тан 70 балға дейін = 4 балл "Педагог-сарапшы" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін = 0 балл 60-тан 70 балға дейін = 4 балл 70-тен 80 балға дейін = 7 балл 80-нен 90 балға дейін = 8 балл Әдістеме және педагогика

			бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40-тан 50 балға дейін=3 балл 50-ден 60 балға дейін=4 балл 60-тан 70 балға дейін=5 балл "Педагог-зерттеуші" біліктілік санатымен Мазмұны бойынша: 50-ден 60 балға дейін=0 балл 60-тан 70 балға дейін= 5 балл 70-тен 80 балға дейін=8 балл 80-нен 90 балға дейін=9 балл Әдістеме және педагогика бойынша: 30-дан 40 балға дейін=0 балл 40 - тан 50 балға дейін=4 балл 50-ден 60 балға дейін=5 балл 60-тан 70 балға дейін=6 балл "Педагог-шебер" біліктілік санатымен - 10 балл
3.	Біліктілігі/Санаты.	Куәлік, өзге де құжат	2 санат-1 балл 1 санат -2 балл Жоғары санатты-3 балл Педагог-модератор-3 балл Педагог-сарапшы = 5 балл Педагог- зерттеуші = 7 балл Педагог-шебер = 10 балл
4.	Педагогикалық қызмет өтілі	еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	1 жылдан 3 жылға дейін = 1 3 жылдан 5 жылға дейін = 1,5 5 жылдан 10 жылға дейін = 2 10 жылдан және одан артық = 3
5.	Әкімшілік және әдістемелік қызмет тәжірибесі	еңбек кітапшасы / еңбек қызметін алмастыратын құжат	әдіскер= 1 балл директор орынбасары= 3 балл директор = 5 балл
6.	Жұмысқа алғаш кіріскен педагогтар үшін	Білім туралы дипломға қосымша	Педагогикалық/кәсіптік практика нәтижелері "өте жақсы" = 1 балл "жақсы" = 0,5 балл
7.	Алдыңғы жұмыс орнынан ұсыныс хат (еңбек қызметін жүзеге асыру кезінде)	Хат	Оң ұсыныс хаттың болуы = 3 балл Ұсыныс хат болмаған жағдайда – минус 3 балл Теріс ұсыныс хаттың болуы = минус 5 балл
8.	Кәсіби жетістіктердің көрсеткіштері	- білім алушылардың дипломдары, олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының грамоталары, ғылыми жобалары; - мұғалімдер мен олимпиадалар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары; - мемлекеттік награда	олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-0,5 балл ғылыми жобалар-1 балл олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері-3 балл "Үздік педагог" конкурсының қатысушысы-1 балл "Үздік педагог" конкурсының жүлдегері – 5 балл

			медаль "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" - 10
9.	Әдістемелік қызмет	- авторлық жұмыстар және жарияланымдар	ҚР БҒМ тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы – 5 балл РОӘК – 2 тізбесіне енгізілген оқулықтардың және (немесе) ОӘК авторы немесе тең авторы БҒССҚЕК, Scopus – 3 тізбесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы
10	Қоғамдық-педагогикалық қызмет	- көшбасшылық - көптілділікті жүзеге асыру	тәлімгер-0,5 балл ӘБ жетекшілігі -1 балл кәсіби-педагогикалық қауымдастық көшбасшысы – 1 балл 2 тілде оқыту, орыс/қазақ – 2 балл Шетел/орыс, шетел/қазақ – 3 балл 3 тілде оқыту (қазақ, орыс, шетел) – 5 балл
11	Курстық дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, ҚАЗТЕСТ, IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat, "Python-да бағдарламалау негіздері", "Microsoft-пен жұмыс істеуді оқыту" бағдарламалары бойынша оқыту	НЗМ ПШО, "Өрлеу" курстары – 0,5 балл курстар - 0,5 балл (әрқайсысы жеке)
Барлығы:			Максималды балл – 83

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
қағидаларына
10-қосымша
Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік
орган

кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді
сұраймын (керегінің астын сызу керек)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)
Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл)

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні): _____

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша
мәліметтері (болған жағдайда)